

## Көшбасшылық әлеуетті қалыптастыру - мектепке дейінгі тәрбиешіні кәсіби даярлаудың өзекті бағыты

ЖАРИЯЛАНДЫ  
13.09.2025

ТІРЕК СӨЗДЕР  
әлеует, білім беру, кәсіби даярлық,  
көшбасшылық, құзыреттілік, мектепке  
дейінгі тәрбиеші

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/182533/>

### Назырқұлова Ақбота Бахытқызы

магистрант, Мектепке дейінгі білім беру кафедрасы,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

### Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің көшбасшылық әлеуетін қалыптастырудың теориялық негіздері мен практикалық маңызы қарастырылады. Заманауи білім беру жүйесі педагогтен тек кәсіби құзыреттілікті ғана емес, сонымен қатар көшбасшылық қабілеттерді де талап етеді. Мақалада осы сапаларда тәрбиешілердің көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру тетіктері мен педагогикалық шарттары талданады

**Кілт сөздер:** көшбасшылық, әлеует, мектепке дейінгі тәрбиеші, кәсіби даярлық, білім беру, құзыреттілік.

Білім беру жүйесінің жаңғыруы болашақ педагогтің жеке тұлғалық және кәсіби сапаларын жаңа деңгейге көтеруді талап етеді. Қазіргі таңда білім беру үдерісі еліміздің тарихи-мәдени мұралары мен ұлттық құндылықтары негізінде қалыптасып, заман талабына сай өзгерістермен жалғасуда. Білім беру саясаты әрбір мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктеріне сәйкес құрылады және адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтай отырып, еркін тұлға қалыптастыруға, қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын құруға бағытталады.

Осы орайда Қазақстан Республикасы да білім беру саласына бірқатар реформалар енгізіп, «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында бәсекеге қабілеттілікті арттыру, білім беру мазмұнын жаңарту, педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіру сияқты өзекті міндеттерді көздеуде [1]. Сонымен қатар, «Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2022 ж.) талаптарына сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру, тәрбиеленушінің жеке тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау – басты бағыттардың бірі [2].

Қазақстанның білім беру саясаты – жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығын сақтауға негізделіп, еркіндік, тәуелсіздік, адам құқықтарын қорғау, отансүйгіштікке тәрбиелеу, отбасы мен Отанға деген құрметті қалыптастыруға бағытталады. Бұл саясат балабақша ордасынан бастау алады. Қазақта «Баланың бағы – балабақшадан басталады, тәрбиешінің шапағаты – өмірге азық болады» деген нақыл сөз бекер айтылмаған. Бұл – балабақшадағы тәрбие мен білімнің бала болашағына тигізетін ықпалының маңыздылығын дәлелдейді.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі – баланың алғашқы ұстазы, білімге бастар жолдың жетекшісі. Осы тұста заманауи тәрбиеші ұғымы өзектілікке ие болуда. Жаңа заман талабына сай тәрбиеші тек кәсіби біліммен шектеліп қалмауы тиіс, сонымен қатар көшбасшылық қабілеттерге де ие болуы қажет. Көшбасшылық әлеует – педагогтің ұжыммен, ата-аналармен және балалармен тиімді қарым-қатынас орнатуы, шығармашылықпен жұмыс жасауы және жаңашыл идеяларды іске асыру қабілетімен тығыз байланысты. Көшбасшы тәрбиеші балабақшадағы тәрбиелік және білім беру үдерісін тиімді ұйымдастырып қана қоймай, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеріп, оларды іс-тәжірибесінде тиімді пайдалана білуі тиіс. Бұл – баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетінің ашылуына ықпал ететін негізгі фактор. Мұндай тәрбиешілерді даярлау жүйесі де жаңашылдықты талап етеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында білім беру сапасын арттыру, мұғалім мамандығының беделін көтеру басымдықтардың бірі ретінде аталды [3]. Сонымен қатар, ҚР «Білім туралы» Заңы мен 2023 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Заңда педагогтің кәсіби құзыреттілігі мен көшбасшылық қабілеттерін дамытуға баса назар аударылған [4].

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің көшбасшылық әлеуеті – тек білім беру сапасын арттырудың ғана емес, ел болашағы – жас ұрпақты тәрбиелеудің басты кепілі. Көшбасшылық әлеует – бұл адамның өзінің кәсіби қызметінде басқа адамдарды жұмылдыра алуы, мотивация бере алуы және өзара тиімді іс-әрекет орната алуы. Мектепке дейінгі ұйым жағдайында бұл қабілет болашақ тәрбиешінің тек педагог қана емес, сонымен қатар балалардың, әріптестерінің, ата-аналардың сенімді серіктесі ретінде қалыптасуына ықпал етеді [5].

Болашақ тәрбиешілердің кәсіби даярлығы барысында олардың көшбасшылық әлеуетін дамыту – білім беру жүйесінің өзекті міндеттерінің бірі. Бұл үдеріс тек білім мен дағдыларды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар шығармашылық, ұйымдастырушылық,

коммуникативтік қабілеттер мен жауапкершілік сезімін дамытуға бағытталуы тиіс. Көшбасшылық қабілеттерді дамыту үшін болашақ тәрбиешілерге нақты мақсат қойып, дербес әрекет етуге үйрету – білім беру үдерісінің маңызды шарты. Fullan мұғалім көшбасшылығын жүйелі өзгерістердің қозғаушы күші ретінде сипаттап, бұл үдерісте кәсіби қауымдастықтың қолдауы мен бірлескен жұмыс тәжірибесінің маңыздылығын атап өтеді [6, 73б].

Көшбасшылық әлеуетті қалыптастыру үшін келесі педагогикалық шарттар маңызды:

- білім алушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру;
- командалық жұмыс дағдыларын дамыту;
- оқу үдерісіне жобалық және зерттеу әдістерін енгізу.

Болашақ тәрбиешінің көшбасшылық қабілеттері оның кәсіби даярлығының көрсеткіші болып табылады. Бұл әлеует келесі негізгі құзыреттерді қамтиды:

1. Коммуникативтік қабілет – балалармен, әріптестермен және ата-аналармен сенімді әрі нәтижелі байланыс орната білу.
2. Ұйымдастырушылық қабілет – тәрбие мен оқыту үдерісін тиімді жоспарлау, оны жүйелі түрде іске асыру.
3. Шығармашылық қабілет – инновациялық әдістер мен арттерапия элементтерін қолдана отырып, білім беру ісін жаңаша жүргізу.
4. Жауапкершілік және бастамашылық – қиын жағдайларда шешім қабылдай алу, тәуелсіз әрекет ете білу.

Көшбасшы тәрбиеші сыни тұрғыдан ойлау қабілеті арқылы оқыту стратегияларын жасап, балалар топтарын тиімді басқара алады. Ол оқыту жоспарларын құру, оқу мазмұнын жетілдіру және кәсіби мәселелерді шешу барысында жоғары деңгейдегі басқарушылық шешімдер қабылдайды. Бұл – оның көшбасшылық әлеуетін нығайтатын маңызды факторлар. Сонымен қатар, табысты педагогтің бойында басқаларға деген жанашырлық пен эмоционалды интеллект сияқты тұлғалық қасиеттер де болуы қажет. Бұл қасиеттер кәсіби ортада ұзақ мерзімді серіктестік орнатуға, әріптестерді қолдауға, оқушылар мен ата-аналарға түсіністікпен қарауға көмектеседі.[7,3 б]

Мәселе шешу дағдылары көшбасшы педагог үшін ерекше маңызды. Ол әртүрлі педагогикалық жағдаяттарға икемделіп, стратегиялық тұрғыда ойлана отырып, тиімді шешім қабылдай білуі қажет. Бұған қоса, ұжыммен өзара әрекеттесе отырып, қойылған мақсаттарға жету жолдарын ұйымдастыра алады. Техникалық және цифрлық сауаттылық та қазіргі көшбасшы педагогке қойылатын талаптардың бірі болып отыр. Жаңа технологияларды меңгеру, оларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу арқылы педагог заманауи білім беру талабына сай әрекет ете алады[8,80б]. Топта жұмыс істей білу дағдысы – педагогтің коучинг және тәлімгерлік рөлін тиімді атқаруының кепілі. Ол ұжым мүшелерін тыңдап, олардың пікірлерін ескеріп, ортақ шешімдер қабылдау арқылы

сенімді жұмыс ортасын қалыптастыра алады. Сондай-ақ, ұйымдастырушылық қабілеттер көшбасшы тәрбиешінің қызметінде ерекше рөл атқарады. Бұл – оқу бағдарламаларын жоспарлау, іс-шараларды үйлестіру, оқу нәтижелерін бақылау мен бағалау, сондай-ақ педагогикалық құжаттаманы жүйелі түрде жүргізу сияқты міндеттерді сапалы орындауға мүмкіндік береді[9].

Көшбасшылық қабілеттерді дамытуда педагогикалық жоғары оқу орындарында оқытылатын арнайы пәндердің, тренингтердің, көшбасшылыққа бағытталған жобалық және практикалық жұмыстардың орны ерекше. Мұндай әрекеттер болашақ мамандардың дербестігі мен бастамашылдығын нығайтып, кәсіби өзін-өзі жетілдіруге ынталандырады.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің көшбасшылық әлеуеті – білім беру сапасын арттырудың, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етудің және педагогикалық ұжымды табысты басқарудың негізгі шарты болып табылады. Көшбасшылық қабілеттер тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін, жауапкершілігін, шығармашылық белсенділігін және коммуникативтік мүмкіндіктерін дамытумен тікелей байланысты. Болашақ тәрбиешілерді даярлау барысында бұл қабілеттерді жүйелі түрде қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Сондықтан жоғары оқу орындарындағы педагогикалық пәндер, практикалық сабақтар, жобалық және зерттеу жұмыстары арқылы болашақ мамандардың көшбасшылық қабілеттерін дамытатын қолайлы орта құрылуы қажет. Бұл үдеріс болашақ тәрбиешінің өз кәсібіне деген оң көзқарасын, балаларға деген жауапкершілігін қалыптастырып қана қоймай, педагогикалық инновацияларға бейімділігін арттырады. Көшбасшылық әлеуеті жоғары тәрбиеші – өзгермелі қоғам талаптарына икемделе алатын, заманауи технологияларды меңгерген және кәсіби қауымдастықта белсенді орын ала алатын маман. Демек, көшбасшылық қасиеттерді дамыту – сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің кепілі.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. – Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>*
- 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР БҒМ 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 514 бұйрығы. – Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>*
- 3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 16 наурыз 2022 ж. – Қолжетімді:*

<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>

4. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. 2019 жылғы 27 желтоқсан № 293-VI ҚРЗ. – Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
5. Тайкова Л.В. Формирование лидерских качеств у будущих педагогов дошкольного образования в вузе: Дисс. ... канд. пед. наук. – Великий Новгород, 2014. – 166 с.
6. Fullan M. *The New Meaning of Educational Change*. – New York: Teachers College Press, 2007. – 338 p.
7. Goleman D. *Emotional Intelligence*. – New York: Bantam, 2006. – 352 p.
8. Сергеев И.С. *Цифровая педагогика: инструменты и практики*. – Москва: Просвещение, 2021. – 176 с.
9. Жантөлеуова Б.М. *Көшбасшылық қабілеттерді қалыптастырудың педагогикалық негіздері*. – Пед. ғылым. канд. дисс., Алматы, 2020.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.